Арқа ажары

Arqa ajary

100 жыл

Қаламгер мерейі

Жанат ЕЛІШІБЕК

Арыстанның апаны

Аты аңызға айналған Бауыржан Момышұлы жайында жазылған туындылар өте көп. Басы ноқтаға сыймас қайсар қазақтың, ғаһарман тұлғаның бейнесін әр қаламгер бар қырынан жарқыратып сомдауға ұмтылған. Сойтсе де "Шуақты күндердің" орны да, салмағы да бөлек. Өйткені, бұл кітаптың авторы–Баукеңнің келіні Зейнеп Ахметова. Бұл күнде бүкіл қазақтың келініне айналған жазушының жан сырын, бүкпесіз әңгімесін әр буын өкілдері қолдан-қолға түсірмей, жастықтарының астына жастанып оқығаны мәлім. Зейнеп апаймен ең алғаш рет "Лениншіл жастың" (казіргі "Жас Алаш" газеті) редакциясында танысқан едім. Өткен ғасырдың алпысыншы жылдарының соңы мен жетпісінші жылдардың басында қасиетті шаңырақта бірге қызмет істедік. Баукең хақындағы әңгімелердің алғашқы үзіктерін сол кезде Зейнеп апайдың өз аузынан естігеніме қуанамын. Ал, "Ата туралы шағын дүниеден Ұлы адамның жұрт білмейтін шуақты бейнесін танып-білер едік" деген қолтаңбасы бар "Шуақты күндер" менің кітапханамның ең қастерлі туындысындай сақтаулы.

–"Баукеңе келін болу қиын шығар?..".

Осы тектес қарапайым да, күрделі сұрақты ұдайы еститін ол әрдайым былайша жауап береді:

–Қазақ–қыз баланы әлпештеп, еркелетіп өсіреді. Мен де еркелеп, бұла өстім. Бес ұлдың ішінде бір қыз болдым да әрі көз тимесін деп ұлдарша киіндіріп қоятын. Балалармен қосылып асық атып, ләңгі теуіп, ақ таяқ ойнап, ит қуып дегендей ұлдардан қалыспадым ғой. Сондықтан болар мінезім де ұлдарға көбірек ұқсайтын. Қалай қыз-көйлек кидім, солай анам қыз балаға қажетті тірлік пен тәрбиені үйрете бастады. Шешем айналасына сөзі өтімді, сыйлы, әңгімесін айшықтап айтатын кісі еді. Ерте ме, кеш пе бір үйге келін боп түсетінімді білдім ғой. Бірақ, арыстанның апанына түсіп кетем деп ойлаған жоқпын. Алла-тағала мені иісі қазаққа танымал маркаскасына шай қуйып беріп, бірге тірлік кешуге жазған екен. Соған нәсіп етіпті. Бұл менің мандайыма бұйырған бақыт деп ойлаймын. Болмыс-бітімі бір қалыпқа сыймайтын, мінезінің барлығы қайшылықтардан тұратын Ұлы адамға келін болу менің мойныма үлкен жауапкершілік жүктеді. Атам: "Атақтың азабы қиын болады. Азабын әлі талай тартасыңдар" дегенін кезінде түсінбегендеймін. Атаның сөзі–ақылдың көзі.

Атасы аузынан туспейтін Зейнеп апайдың әр сөзі, әр ісі–кімге болсын үлкен өнеге.

Момышұлы Төртінші

"Егемен Қазақстан" редакциясы ғимаратының кіреберіс дәлізінде газеттің фирмалық үлкен күнтізбесі ілулі тұр. Түрлі-түсті плакат көзге оттай басылады. Редакция табалдырығын аттаған таныс та, бейтаныс та адам сәл кідіріп, қызыға үңілері сөзсіз. Қазақтың аса қастерлі де киелі шаңырағының бірі–Момышұлы әулетінің ғажап бір мезетін бейнелеген суреттің төрінде Батыр Бауыржанның әскери киіммен түскен фотосы. "Етжеңді" нөмірді тамашалаған ұрпақтарына көз қиығын салып тұрғандай. Ұлы Бақытжан, келіні Зейнеп, құлдырандаған шөбересі Нұрсұлтан осы үйдің сүйікті басылымы саналатын "ЕҚ"-ды құштарлана парақтауда. Жүздері жарқын.

Қазақстанның халық жазушысы Шерхан Мұртаза газеттің кезекті санында Астана қаласының әкімі Өмірзақ Шөкеевпен болған әңгімесұхбатының верстксасының соңғы корректурасын өз көзімен бір зерделеп оқып, қайтып бара жатқанда дәлізде ілулі тұрған әлгі плакатқа назар аударған:

–Момышұлы Четвертый!–деді күлімдеген сүйкімді Нұрсұлтанға қарап, қасындағы қаламдас інілері Әділ Дүйсенбек, Еркін Қыдыр, Қайсар Әлімге мойнын бұрып.–Момышұлы Үшінші қайда болды екен, ә?! Суретке түспей қалыпты ғой.

Шындығында бұл тарихи жәдігерге айналар плакат-фотода атасының тізесінде моп-момақан ботадай мөлдіреп отыратын Баукеңнің немересі, Батырдың өзі Момышұлы-III атаған–Ержан жоқ еді. Іссапарда жүрген ол суретке түспей қалған көрінеді.



Жанат Елшібек–қазақ көсемсөзінің көгіне көтеріліп, журналистика саласында үзбей еңбек етіп келе жатқан үлкен қаламгердің бірі. Саналы ғұмырын шығармашылық жолға арнап, өзінен кейінгі шәкірттерді тәрбиелеп келе жатқан Жанат Елшібекұлының 60-қа аяқ басқан мерейтойына Ақмола облыстық "Арқа ажары" газетінің ұжымы да өз құттықтауын айта отырып, өмірдің бар бақыты мен жақсылығын, шығармашылық биіктерге жете беруін тілейді.

Қаһарман ағасы хақында, асыл ағасы жайында талай қалам тербеп, аралас-құралас болған Шерағаң қас-қағым сәт үнсіз тұрып қалды. Не ойлады екен?! Елес-ғұмырдың елес-суреттері–үлкен өмірдің өшпес ұшқындары. Сағындырған, ойландырған. Иә, сөз жоқ.

Меніңше, сұңқар да емес, зымыран да емес, жарық та емес, адам ойы ұшқыр-ау!

Айтпақшы, "Егеменнің 85 жылдығы" құрметіне арнап көркем де, әсем безендіріліп шығарылған жарнамалық осы күнтізбеде мынадай сөздер жазылған:

"Баукеңнің шөбересі Нұрсұлтан:–Бұл менің атамның газеті!

Баукеңнің келіні Зейнеп: – Иә, құлыным. Әкең де, атаң да, батыр бабаң да оқыған бұл газетті. Есейгенде сенің де газетің болады".

Ұрпақтардың ұлы сабақтастығы деген осы шығар.

Алаңдау

Дауылпаз да сырбаз ақын Сырбай Мәуленов уақыттан озып жүруге ұмтылатын. Көп уақытын соғыс ұрлаған өршіл ақынның өлеңдері де лапылдаған жалыннан өрілгендей әсерге бөлері хақ. Бап пен күй таңдамайтын ол, әйтеуір, жақсы жырдың отын маздатуға құштар-ақ еді. Кезінде ұзақ жылдарғы еңбегінің белес-бекетіндей саналған бес томдық өлеңдер жинағы шыққан кезде қуандың орнына алаңдаушылық білдіргенге ұқсайды. Сүйікті оқырмандары мен қаламдас әріптестері жүрекжарды лебіздерін айтқан:

–Көп томдығыңыз құтты болсын.

Ілкі сәт ой тұңғиығына шомған Сырбай ақын:

–Соңғы кезде мені қатты алаңдатып жүрген жайдың бетін тырнағайсыңдар. Осы бес томнан талғампаз оқырман бес өлеңімді естерінде ұстап, айтып жүре ме, жоқ па?! Әй, кім білсін?–депті баяу ғана күрсініпті кейіпте.

Сауалына—жауабы

Қазақтың көрнекті ақыны Сырбай Мәуленовке поэзия кешінде оқырмандардың бірі:

–Сіз шетелдерде болдыңыз ба?–деген сауал береді.

–Болған емеспін. Мен осы уақытқа дейін–өзімнің байтақ туған Қазақстанымды түгел аралап біткенім жоқ. Жарты ғасыр шарласам да әлі табаным тимеген жерлер толып жатыр. Сол жерлерде болмайынша шетелдерге сапарға шығуды ешқашан ойламаймын,–деген екен сонда Сырағаң.

Салыстыру

Қай кезде де, қай елде де пенсия проблемасы ең толғақты мәселе екені даусыз. Оның үстіне заман да мың құбылып, өмірге өз өзгерістерін енгізіп жатады емес пе. Бейнелеп жеткізер болсақ, пенсия–адамның өзі ғой. Еңбекке ілінген кеудесінде жаңы бар кез келген адам тырыңдап жүріп бүкіл ғұмырын ертеңгі еңкейген шағында зейнет рахатына бөленсем бе деп армандайтыны анық. Бірақ, Зейнеткерліктің тәтті дәмін екінің бірі дер кезінде татып жүр дей алмаймыз.

Қоғамдағы қиыншылықтар еркін адым аштырмайды. Әуелден бүйрегі бұлтимаған бюджеттің бос қоржынын қайта-қайта қағуға тура келеді. Көктен ақша жаумайтыны және мәлім. Шырылдатып отырып бірінің аузынан бірін жырып, амалсыз айла-әрекет жасауға мәжбүрсің. Уақытша тал қарману үкіметті де тығырыққа тірейді. Баласынан бастап, қартына шейін байлықтың көзі саналатын өркениетті дамыған елдерде бұл жөнінде ешқашан бас қатырмайды. Бәрі де ретімен заңдастырылып, тастай етіп қойылған.

Осындай қиын мезетті бастан кешірген үкімет мүшелері мен Парламент депутаттары оңтайлылау деген өз ұсыныстарын жарыса білдірген. Қысылғанда не істелмейді? Жөргекпұл, жолпұл, бөбектер мен қарттарға берілетін жеңілдіктерді қысқартуға тура келді. Ал зейнеткерлік жасын үш жылға дейін ілгері жылжыту ешкімді қуантпағаны белгілі. Алуан-алуан пікірлер айтылып, ойлар ортаға салынды. Баспасөз беттерінде зейнет демалысына қай жастан бастап шығу керек деген секілді өзекті мәселелер қызу талқыланды. Әлеуметтік, демографиялық сараптамалар әр қырынан жасалған. Пенсияға жете алмай, алқынып-аптығып жеткендері алғашқы зейнеткыларын қолдарына ұстай алмай көз жұмғандары жайында жылап-сықтап тебірене толғанғандар өте көп болды. Көңілі қаяулы, қабағы қатулы сол тұста көрнекті қаламгер, драматург Қалтай Мұхамеджанов ашы күйінішін былайша білдірген:

–Картқа құрмет былайша көрсетілмеуі керек. Ақсақалдықтың ақпасынан үнемдеу деген не сұмдық! Шалдарымыз онсызда қалт-күлт етіп жүр емес пе?! Өркениетті елдерде, ең алдымен адамның басы мен ісіне қарайтын болса, бізде адамның жасы мен тісіне қарайтын болғаны ғой. Тығырықтан шығар жолды тапқан-ақ екен, сабаздарым.

Қалағанның осы салыстыруы бүгінде мәтелге айналып, ауыздан-ауызға көшіп жүр.

Көсемсөз бен мешелсөз

"Заман-Қазақстан", "Түркістан" газеттеріне жетекшілік етіп, бас редактор ретінде қол қойып отырған кезінде Қалтай аға басылым бетінде не болса соның шығып кетпеуіне айрықша мән беретін. Уақытының өте тығыздығына қарамастан нөмірге бара жатқан барлық материалды асықпай сүзіп қарап, жіті оқып шығады. Әсіресе, публицистикалық толғаныстар мен көсемсөздердің әсерлі жазылуына, деректер мен дәйектердің орынды әрі көңіл аударарлықтай іріктелуін ұдайы айтып отырады.

–Газет беті далақтай боп елестегенімен, ол спорт алаңы, яғни стадион емес. Тек дәмді, дөңді мақалалармен толтыру керек. Сын материалдың мірдің оғындай нысанаға дәл, дөп тигені дұрыс. Ал көсемсөздің жөні мүлдем бөлек. Шалқардай шалқып, ордалы ой мен терең толғаныстан туған көсемсөз көркем туындымен иықтас, өміршең. Керісінше сыздық сөзді сағыздай созып, оңды-солды судай сапырған көсемсөз–нағыз мешелсөз. Әрине, ондайдың өмірі де тым келте, газет бетінен шықпай жатып өледі.

Кемел сөз бен мешелсөз хақындағы Қалтай аға қағидасы, міне осындай.

Бос уақыты жоқ қаламгер

Жазушы Әнуар Әлімжановқа кездесу кешінде оқырмандардың бірі:

–Бос уақытыңызда немен айналысасыз,–деген сауал беріпті.

–Қалам ұстаған адамда сол бос уақыт дегенің бола бермейді-ау. Оның үстіне қым-қуыт қоғамдық қызметің және бар. Сондықтан да мен өзімнің ұйықтаған кезімді бос уақытқа жатқызар едім,–депті сонда Әнекең.

Қаламгер мерейі

Кітап ғұмыры

Тарихи романдары түйдек-түйдегімен шығып жатқан кезде атақты жазушы Ілияс Есенберлиннің аузынан естіген ой ұшқынын әлсін-әлсін есіне түсіріп қоятын қаламгер Герольд Бельгер былайша сыр шертеді.

–Жазушылар одағында бір жазушының романын талқылау үстінде мінберге көтерілген көбікауыз "Бұл романды енді елу жылдан кейін оқырмандар ұмытып кетеді" деп бөседі.

Сонда аса кішіпейіл де ағеділ Ілияс аға:

–Біздің жазғандарымызды жиырма жылдан кейін есіне түсіретін оқырман табылса да шүкіршілік дер едік,–депті майда жымиып.

Аттарынан-ақ білесің

Әйгілі сазгер Нұрғиса Тілендиев бір өнер кешінің үзілісінде ғажайып дарынымен көрермендерін қуантып келе жатқан Нұржамал Үсенбаеваны алғаш рет кездестіреді. Өзін жыға танымағанын сезген жас әнші:

–Аға, мен–Нұржамалмын ғой,–дейді биязы үнімен.

–Шырамытып тұрмын, айналайын. Қысылма қарағым. Бәсе, нағыз таланттарды аттарынанақ білесің,–деп күлімсіреген ол сөзін кейінгі одан әрі жалғастырыпты.–Мәселен, менің есімім де Нұрдан басталады емес пе?! Сонымен бірге күміс көмей әнші Нұрғали Нүсіпжанов, сахна саңлағы Нұрмұхан Жантурин, буынсыз биші Нұрсұлу Тапалова, өнердің жас перілері Нұрқанат Жақыпбаев пен Нұрлан Өнербаевтарды білмейтін жан жоқ.

Қатал қағида

Көрнекті ақын, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Мұзафар Әлімбаев қазақ қаламгерлерінің арасындағы кітабы ең көп жазушыға жатады. Бұған қарап онын не болса соны өлең ғып өріп, әйтпесе оңды-солды тынбай бұрқырата береді екен деп ойлап қалмаңыз. Сөз құлретін, сөз асылын, сөз мәйегін жадында тербетіп, жүрегінің сүзгісінен жүз мәрте өткізетін үлкен ақын соңғы буын өкілдерімен әдебиет төңірегінде әңгімелесіп, сырласып отырғанда:

–Мен "Гибратнама" кітабыма әуелде он жеті түрлі ат қойған едім. Ең ақырында осыған тоқтадым,–деді күлімсіреп.

–Қызық екенсіз, осыншама әуреге түсіп. Бір емес, үш емес, бір кітапқа 17 ат қоюыңыз не?

–Әдебиетке адалдық пен жауапкершілік әр туындының есімінен бастасса керек,–депті сонда Мұзағаң өз қағидасын нығарлай.

"Кезегім келген жоқ"

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, жазушы әрі драматург Сөкен Жүнісов кезінде үлкен сыйлыққа алғашқы ұсынғанда ие болмағаны баршаға мәлім. Арада бірер жыл салып, Жазушылар одағы атақты қаламгерді тағы да республика сыйлығына ұсынады. Бұл жақсылық хабарды естіген жазушының қаламдас інісі телефонмен құттықтайды.

Сонда аңқыдаған Сөкен аға:

–Рахмет, айналайын, бауырым. Көңіліңе ризамын. Бірақ, сыйлық алуға менің кезегім әлі келген жоқ,–дейді қуақылана.

Ұқсату

Сәкен Жүнісовтің аты-жөні аталғанда Сәкен сері деген екінші синоним есімі қоса айтылады. Көптен бері, біраздан бері осы Қазекемнің қызғаншақтығын, іштарлығын қойсайшы. Қараптан-қарап ауыз бұртитып шыға келеді. Тіпті, белгілі қаламгердің өзімен Астанадағы қазақ драма театрында кездесе қалған "ескі көз" санайтын зиялылардың бірі:

–Осы, Сәкен, сізге "Сері" атағын кім беріп жүр. Шынымен-ақ, Ақан серіге ұқсайсыз ба?–дейді әзілмен қағытып.

–Ішіне ине айналмайтын жұрт текке жүргізбейді-ау, осы. Біресе Бурабайда, біресе Астанада, біресе Алматыда жүрсем де ошағандай жабысып алдымнан шыға келеді. Сері аты Президент пәрменімен, я болмаса әкімдердің өмірімен берілмейтінін қайдан білсін ішмерездер. Ғабит Мүсірепов пен Шерхан Мұртазадан бастап Төлеген Қажыбаевқа дейінгі үлкенді-кішілі қазақ қаламгерлерінің аузына мен салып, жырларына мен қосып жүргендей бүлінетініне аң-таңмын. Халыққа ешкім тізе бүктіріп айтқыза алмайтынын неге ойламайды екен?! Ал кейбіреулер үшін менің саяқ тағдырым жұмбақтау көрінуі әбден мүмкін. Саяқ жылқыдай өмір кешкенім Мәдиге, балаларымды жетімсіретпей, үйленбегенім Ақан серіге, ой азабын арқалауым Абайға ұқсауым мүмкін біраздарына. Ал оларға мен не айта аламын? Өйткені, зерделей білгенге ұқсатудың астарында көп мән жатыр. Ең алдымен, соны түсініп алайықшы Сіз бен Біз.

Сәкен аға іштей көптен күткен сауалына осылайша ақтарыла, ашына жауап қайтарған екен.

Алтын жұмыртқа

Қылыш шағында-ақ әдебиет көгінен жарқырап шалынған Мұхтар Мағауиннің жұлдызы бүгін де тым биіктен, тым дара көрінеді. Қырық жылдан кейін баспасөз бетін көрген бозым қаламнан туған "Бір уыс бидай" аталатын алақандай әңгімеден бастап, байсал тұста жазылған "Қыпшақ аруы" психологиялық әфсана хикаятына дейінгі аралықта қалың оқырманның рухани жауһарына айналған тамаша туындылар жазушының аты-жөнін Темірқазықтай өйгілегені күмәнсіз ақиқат. Еш күлбілтелемей, міңгірлемей мойындаған жөн. Ал қаламгердің кілең кереметтерінің ішінен сүзіп алар інжу-маржандардың көшбастаушысы ретінде ұдайы "Қобыз сарынын" ойланбастан ауызға алатыны бекер емес-ау. Оны жіті байыздап, тап басу үшін жанкешті жазушының жан-дүниесіне тереңірек бойлап, сыры сан қатпарлы, сан қабатты шығармашылық қазынасына қырағы жанармен үңілуің керек.

Кез келген әңгіме дүкенінде, сұхбат сәтінде, алқалы бас қосуларда үкілеп, шоқтықтап, ардақтап айтатыны–"Қобыз сарыны" мен "Алдаспан". Мұханның аузынан талай мәрте естідік. Өзі де сан дүркін жазды. Ішіне ине айналмайтын ішмерездердің көңілін алаңдатып, үйкысын қашырған ғажайып еңбектер–Мағауин үшін, бейнелеп айтсақ, алтын жұмыртқа еді. "Іштен шыққан шұбар жылан" дейтін баршаға ортақ қағида бұл жерге жұрмейді. Сондықтан да сұңғыла суреткер ғасырлар қойнауынан аршып алған әр сөзін, әр жолын, әр ойын қызғыштай қорғайды.

–Жас кезінде жалғыз алтын жұмыртқа тапсаң, қалған ғұмырың соны қорумен өтеді екен,– дейді Мұхтар аға.

Тосын түйін.

Пайымды пікір.

Ордалы ой орамы.

Бір қуанарлығы, қаламгердің шаршаңқы жүзінен гөрі, келешекті барлаған өткір жанары мен жігерлі үні айрықша назар аударткандай

Бес сомның күші

Жетпісінші жылдардағы арзаншылық заманында көкбазардың түбіндегі Баспасөз үйінде қызмет істейтін журналистердің дені іргедегі Панфилов паркінде орналасқан "Жұлдыз" кафесінен тамақтанатын. Қалтаңда бес сомың болса жетіп жатыр. Ықылық атпасаң да дүнген кеспесін ыстық таба нанмен біршама тығындап аласың-ау.

Осындай бір түскі тамақтан қызара бөртіп келе жатқан әйгілі сықақшы Оспанхан Әубәкіров жөн сұраған танысына хош көңілмен:

200 грамм, бір лапша,

Секіртеді сүр лақша,–деп өлеңдетіп жауап беріпті.

Өле берсе болады

Қазақтың ақиық ақыны Мұқағали Мақатаевтың мерейтойына байланысты ұйымдастырылған шараларға қатысу үшін Нарынқолға Алматыдан бір топ қаламгерлер келеді. Ұлы тұлға есімін жерлестері көшеге беріп, мектеп атап, туып-өскен жері Қарасазда тамаша мұражай ашқан екен. Алматылық ақын-жазушылар ауылдастарының ілтипатына ризашылық сезімдерін білдіреді.

Ал, Фариза Оңғарсынова, Қадыр Мырзалиев, Тұманбай Молдағалиев, Оразақын Асқар т.б. ақындар көзі тірісінде көрсетілмеген құрметке бөленген ақын рухымен сырласып, Мұқағали мұражайының әр жәдігерін қызықтай тамашалап, гимараттың іші-сыртына тәнті болады.

Үлкен әсер үстінде көрнекті ақын Қадыр Мырзалиев:

–Шіркін, достар, болашақта бас-басымызға тура осындай мұражай тұрғызса, қазірден бастап-ақ өле беруге болар еді,–депті әрі сүйсіне, әрі толғана.

Сөздер де өзін-өзі қорғайды

Әр қалам сілтесімен өзгелерді ұдайы таңдандырып келе жатқан ақын Қадыр Мырза Әли:

–Қазірге шейін қайран қалып, таңдайымды қағар екі жайды әлсін-әлсін ойыма түсіріп қоямын,–депті өзінен-өзі таңырқап.–Айдынкүннің аманында, жеті қат жердің астындағыны жібермейтін, сауысқаннан сақ қызыл цензураның біздің Гимніміздегі әп дегенде айтылатын: "Біз қазақ ежелден еркіндік аңсаған" деген өлең жолын қалай ғана "қорықпай" жіберді екен. Бұл –бір! Екіншісі, көрінген сөзден сезіктеніп, үркектейтін олардың Жұбан Молдағалиевтың "Мен–қазақпын!" деп айғайлап тұрған сөзін қайтіп "ұстап" қалмаған. Бәлкім, қысылтаяң кей сәттерде киелі де, қасиетті сөздер өздерін-өздері қорғап қалатын шығар. Мүмкін.

Біраз сайратпай ма?

Сексеннің сеңгіріне қол сермеген белгілі жазушы "Егемен Қазақстанның" сенімді серігі, жанашыры, белсенді авторы Қалмұхан Исабаев сүйікті басылымынан күні бүгінге шейін қол үзген емес. "Егемендегі" інілерімен жылына үштөрт мәрте жүздесіп, қауышып мәре-сәре боп қалады. Астанаға келген сайын, туған елі Керек аусап бара жатса да жол-жөнекей есебін тауып "Егемен Қазақстанға" ат шалдырып, қара шаңыраққа бас сұғып шығады. Жай келіп кетпейді, ойында жүрген күлкілі, қызықты оқиғаларды айтып мәз-мейрам күйге бөлейтіні бар. Редакцияға бір соққанында есінде сақталған ертеректе болған мына әңгімелерді айтып берген еді.

–Сырбай ағаларының табан астынан суырып салған бір шумақ өлеңінің қалай туғанына куә болған едім,–деген Қалмұхан аға емен-жарқын қалпы.–Жазушылар одағының екінші қабатында өр тұлғалы әйгілі ақын Қалижан Бекхожин ұшыраса кетті. Аса көңілді, қуанышты қызыл шырайлы жүзі бал-бұл жанады. Кенжесі, ұмытпасам осы Мирасы болуы керек. Дүниеге келгеніне бірер апта. "Бауы берік болсын, бөбегіңіздің!..", Мені қолтықтаған беті жоғары көтерілдік. Фойеде Хамит Ерғалиев, Сырбай Мәуленов, тағы екі-үш жас ақындар қаумалай, қаукылдасып қарсы алған. Замандас қос дауылпаз ақын достары жарыса қуттықтап жатыр. Олардың мәзіретін түсіне қойған Қалекең сонадайдан өте шыққан ақын інісі Қайрат Жұмағалиевті қиырдан шалып қалады. "Әй, Қайрат!.. Қайратжан!.." деп қалтасын сипалап тұрады. Жанында ештеңе жоғы өзіне аян. Мұны сезген Хамит Ерғалиев төс қалтасына оң қолының екі саусағын сүңгітеді. Шығарған 100 сомның шетін шығара көрсетіп, қайтадан ары қарай жасыра қояды. Жүз сомның жанында басқа да үсақ ақшалар болуы керек. Олардың ілінбегеніне іштей алаңдаулы.

Осы сәтті қалт жібермей байқап қалған Сырбай ақын табанда былай дейді гүжілдеп:

Ойпырмай, Қайрат қайда, Қайрат қайда?
Қайратсыз таң атпай ма, кеш батпай ма?
Хамаңның қалтасында жүз сомы бар,
Ол да бізді біразға сайратпай ма?!

Жылт етіп көрініп қалған 100 сомның басына осылайша су қуйылған екен.